Әділет

# Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді берудің нысандарын, көлемін және мерзімділігін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2016 жылғы 23 маусымдағы № 274 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 506 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 шілдеде № 13937 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-қ. қараңыз

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 12-2) тармақшасына, 13-1-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жылжымайтын объектілер бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жеке тұлғалар бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру мерзімділігі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бес жұмыс күні ішінде Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың

интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2016 жылғы 23 шілдеден бұрын қолданысқа енгізілмейді.

*Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы*
*______________ Е. Нысанбаев*

*Қазақстан Республикасының Әділет министрі*
*___________ Б. Имашев*

*«КЕЛІСІЛГЕН»*
*Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі*
*______________ Д. Абаев*
*2016 жылғы 30 маусым*

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 23 маусымдағы
№ 274 және
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 28 маусымдағы
№ 506 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

## Жылжымайтын объектілер бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі

| Жылжымайтын мүліктің түрі | Бастапқы объектінің кадастрлық нөмірі | Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі | Нысаналы мақсаты | Мекенжайы (облыс, аудан/қала, елдімекен, көше, үй, пәтер) | Мекен-жайдың тіркеу коды (МТК) | Құрамдарының саны | Қабаттылығы (қабат саны) | Жалпы алаң (шаршы метр) | Кө |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | | | | Тіркелген құқық | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

| Ұзындығы | Тұрғын алаңы көлемі ( шаршы метр | Негізгі алаң ( шаршы метр) | Пайдалы алаң ( шаршы метр) | Жер учаскесінің бөлінуі | Ескертпе | Құқық түрі | Мазмұны | Құқық иеленуші | Жалпы меншік нысаны , үлесі | Құқықтың туындау негіздемесі | Тіркелген күні, уақыты |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Құқықтың ауыртпалығы тіркелгенін | | | | | | Жылжымайтын мүлікке құқықтардың немес ауыртпалықтардың туындауына әкеп соқтырмайтын заңдық талаптар және мәмілел тіркелді | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ауыртпалықтың түрі | Мазмұны | Құқық иеленуші немесе уәкілетті орган ( мүдделі тұлға) | Жалпы меншік нысаны , үлесі | Ауыртпалықтың туындау негіздемесі | Тіркелген күні, уақыты | Заңдық талаптар және мәмілелер | Мазмұны | Өтініш беруші ( мүдделі тұлға) | Құқықтың туындау негіздемесі | Тіркел күні, уақыты |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 |
| | | | | | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 23 маусымдағы
№ 274 және
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 28 маусымдағы
№ 506 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

## Заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі

| Ақпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл (тіркеу, қайта тіркеу, қайта ұйымдастыру, тарату және басқалар), оны жүргізу күні | Заңды тұлғаның БСН | Заңды тұлғаның орыс және мемлекеттік тілдердегі атауы | Құрылтайшының БСН (болған жағдайда) | Құрылтайшының орыс және мемлекеттік тілдердегі атауы | Инкорпорация елі | Мемлекеттік тіркеу күні |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Соңғы қайта тіркелген күні | Орналасқан жері (индекс, облыс, өңір, елдімекен, көше, үй нөмірі, мекенжайдың тіркеу коды (МТК)) ( болған жағдайда) | Қызметтің негізгі түрінің коды | Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысан коды | Бірінші басшының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) | Бірінші басшының ЖСН (болған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 23 маусымдағы
№ 274 және
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 28 маусымдағы
№ 506. бірлескен бұйрығына
3-қосымша

## Жеке тұлғалар бойынша деректерді астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне беру нысаны мен көлемі

| Ақпараттық жүйеде тіркелетін іс-қимыл ( тіркеу және басқалар), оны жүргізу күні | Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімде тіркелетін іс-қимылы (есепке алу объектісін енгізу, өзекті ету , алып тастау) | ЖСН | Тегі | Аты | Әкесінің аты (бар болған жағдайда ) | Туған күні | Орналасқан жері ( индекс, облыс, өңір, елдімекен, көше, үй нөмірі, корпус нөмірі, пәтер нөмірі, мекенжайдың тіркеу коды (МТК)) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| Жеке басын куәландыратын құжат | Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі | Сериясы | Берілген күні | Мерзімінің аяқталу күні | Берген орган | Жеке тұлғаның өмірлік мәртебесі | Азаматтық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| | | | | | | | |

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушының
2016 жылғы 23 маусымдағы
№ 274 және
Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің 2016 жылғы 28 маусымдағы № 506 бірлескен бұйрығына 4-қосымша

## Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне деректерді беру мерзімділігі

| № | Астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізіліміне берілетін деректердің атауы | Деректерді беруді және/немесе оларға қолжетімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттік орган | Беру нысаны | Беру мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Жылжымайтын объектілер бойынша | Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу және мемлекеттік техникалық тексеру саласындағы мемлекеттік саясат пен қызметті мемлекеттік реттеуді іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган | Электрондық нысанда | Сұрау салу және жауап беру режимінде және автоматиялық өзектендіру режимінде («Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорлар бөлігінде) |
| 2. | Заңды тұлғалар, олардың филиалдары мен өкілдіктері бойынша | Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін қалыптастыруды және бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган | | |
| 3. | Жеке тұлғалар бойынша | Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК